



**«АЛАКӨЛ көпсалалы
колледжі»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
2023-2027 жылдарға
арналған стратегиялық
даму жоспары**




МИССИЯ, КӨРІНІС ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯ

Өңірдің және еліміздің индустриялық дамуының қажеттіліктері мен міндеттеріне жауап беретін оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері негізінде кәсіптік және техникалық бейіндегі бәсекеге қабілетті мамандарға қоғам мен бизнестің сұранысын қанағаттандыру арқылы білім беру қызметін жүзеге асыратын колледж.

Әлемдік білім беру бағдарламаларының озық технологияларын қолдану.

Бәсекеге қабілеті жаңа технологияларды меңгерген болашақ жас мамандар даярлау.



Білім



Ақпараттық қоғамда білім – абсолютті құндылық!

Құндылықтар



Студент – басты құндылық. Біз не істесек те, студенттер үшін жасаймыз!

Колледждің көзқарасы:



Еңбек нарығының ағымдағы және келешек қажеттіліктеріне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік бейіндегі жоғары білікті мамандарын даярлау саласындағы Қазақстанның жетекші оқу орнына айналу, ұлттық экономиканың экономикалық өсуін қамтамасыз ететін жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өндірістерді енгізу.

Білім беру бағдарламалары

Мамандықтар – 10

- 1 07130100 Электр жабдықтары
- 2 07150500 Дәнекерлеу ісі
- 3 07150600 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)
- 4 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру
- 5 07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану
- 6 10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру
- 7 07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу
- 8 10130100 Қонақ үй бизнесі

Білім алушылар контингенті -338



ДАМУ МОДЕЛІ:

Колледж келесі негізгі факторларға назар аударады:

АЛАКӨЛ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ

Менеджмент – бұл мақсатқа жету өнері.
Нарықты маркетингтік талдау;

Кадр саясаты – стратегиялық мақсаттарды
шешу үшін қандай команда қажет екенін
анықтау ;

Қаржы- ынталандыру жүйесін дамыту
үшін ,қосымша оқу үрдісін пайдалану;

Оқу процесінің технологиясы – кредиттік
технологияға кезең-кезеңімен көшу және
дуальды оқыту жүйесі;

04

03

02

01

Күшті жақтары

- Алакөл көпсалалы колледжі кәсіптік және техникалық білім беретін типтік үлгідегі базалық оқу орны;
- жеке оқу ғимараты мен бір жатақханасы бар;
- нарық сұранысына ие мамандықтар бойынша бәсекеге қабілетті, білімді, білікті, жаңашыл мамандар даярлау;
- материалдық-техникалық базаның үнемі жаңартылып отырылуы (соңғы үлгідегі компьютерлермен, интерактивті панельмен, спорттық инвентарлармен қамтамасыз етілуі, кітапхана қорының толықтырылуы, жалпы және арнайы пән оқу кабинеттерінің жаңартылуы және т.б.);
- жатақханада студенттер үшін барлық жағдайлардың жасалғандығы (оқу залы, кинозалы, ас бөлмесі, жуыну бөлмелері, автоматты кір жуу машиналары, үтіктеу бөлмелері, жаңа жиһаздар, төсек-жаймалар мен төсеніштер, интернеттің қолжетімділігі);
- колледжде асхана, спорт

Осал жақтары

- Оқу ғимараты және жатақханалардың сыртқы дизайнының заманауи үлгіде безендірілуі үшін күрделі жөндеу жұмыстарына қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі;
- оқу ғимараты және жатақханалардың күрделі жөндеу жұмыстарына қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі;
- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша сұраныстың жеткілікті дәрежеде қанағаттандырылмауы;
- бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік серіктестіктермен, кәсіпорындармен байланыстардың жеткіліксіздігі.

Қолайлы мүмкіншіліктер

- Өзін-өзі қаржыландыратын кіші кәсіпкерлікті дамыту (оқу курстарын ашу, егін егу және алынған өнімдерді нарыққа шығару);
- колледж жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарнамалауды дамыту;
- диплом алды іс-тәжірибесіне студенттерді болашақ жұмыс орны болып табылатын өндірістік мекемелерге сұраныс бойынша жіберу;
- үштілділік бағдарламасы негізінде жұмыс атқару.

Сыртқы қатерлер

- Өңір тұрғындарының әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты ақылы негізде оқыту мүмкіндігінің аздығы;
- өңірлік колледждер арасында үлкен бәсекелестіктің болуы;
- бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуы бойынша мемлекеттік бағдарламалардың аздығы.

Алакөл көпсалалы колледжі 2023-2024 оқу жылына бюджеттен бөлінген қаражатын унемдеу жолында төмендегідей іс-шаралар жоспарлауда:



I. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап шаруашылық жүргізу құқығына (ПХВ) өту;



II. Жыл сайын контингент санын көбейту, жобалық қуаттылығын 500 білімгерлерге жеткізу.



III. Шаруашылық жүргізу құқығына өткеннен кейін тапсырыспен(коммерциялық) жұмыс жасау жоспарлануда.



IV. 2024- жылы колледж аумағы мен ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу.

Атап айтсақ:



1. Колледж техникалары арқылы білімгерлермен біріге отырып табыс табу.



2. Жер жырту, жук тасымалдау, сонын ішінде оқу - жаттығу алаңын жалға беру.



3. Жаттығу шеберханаларында білімгерлермен бірлесе отырып тапсырыс алып, қаражат табу.



4. Ақылы қысқа мерзімді курстар ашу арқылы табыс табу.



5. Мамандықтар бойынша дистанциялық оқытуды қолға алу.

Стратегиялық бағыттар

Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтау.

Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлаудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету

Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігі мен тиімділігін арттыру

Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.

Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ
МЕН МІНДЕТТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

АЛАКӨЛ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ

Колледждегі
мамандықтар
бойынша білім
алушылардың
сапалық
деңгейін
арттыру.

Колледжде педагогтары
мен қызметкерлерінің
оқыту және тәрбиелеу
жұмысының сапасын
арттыруға жігерлендіру
үшін материалдық және
материалдық емес
ынталандыру
шараларының кешенін
жетілдеру.

Колледж
оқытушылары
құрамындағы
«педагог-шебер»,
«педагог-зерттеуші»,
«педагог-сарапшы»,
«педагог-модератор»
біліктілік деңгейі бар
мамандар санын
анықтау


Жастарды
талап етілетін
мамандықтар
бойынша
колледждерде
тегін оқытумен
қамту (9-сынып
бітірушілері).

Басқа қала, аудан,
ауылдардан келген
жатақхананы
қажет ететін
студенттерді
жатақханамен
қамтамасыз ету.

Бейнебақылау
камераларымен
(ішкі және
сыртқы) санын
арттыру.

Оқу орнында білім
алушылардың арасындағы
ата-анасының
қамқорлығынан айырылған
және әлеуметтік жағынан аз
қамтылған балаларға
әлеуметтік қолдау.

Колледж білім
алушыларының өмір
және техникалық
қауіпсіздігін
қамтамасыз ету. (өрт,
су, жол, электр, газ)



Колледжде WorldSkills стандарттарын ескере отырып, демонстрациялық емтихан өткізетін мамандықтардың үлес салмағын арттыру.

Дуалды оқыту жүйесіне енгізілетін мамандықтар үлесін жоғарылату.

Оқу-өндірістік шеберханалардың, зертханалар мен арнайы және ЖББ пәндер кабинеттерін жабдықтау.

Колледждің интернет және Wi-Fi –мен қамту аймағын арттыру.

Пән кабинеттеріндегі интерактивті панель, тақталардың санын арттыру.



**Назарларыңызға
рахмет!**

